

A photograph of a field filled with numerous small, bright yellow flowers interspersed with green grass and stems. The scene is captured from a slightly elevated angle, showing the dense growth of the plants.

*Арал ауданы*  
*Мергенсай ауылы*





## Мергенсай ауылдық округінің төлқұжаты

- Орталығы - Жалаңаш ауылы
- Құрылған жылы - 1927 жыл
- Жер көлемі - 31553 га
- Елді мекендер - 2
- Жалаңаш, Тастүбек
- Халық саны - 750
- Мешіт - 1
- Мектеп - 1
- Балабақша - 1
- Медициналық бекет - 1
- Клуб - 1
- Кітапхана - 1
- Пошта байланысы - 1
- Су айдау стансасы - 1
- Телефон байланысы орнатылған
- Өндірістік кооператив - 1
- Жеке шаруашылық серіктестік - 1
- Жолаушылар қатынасы - 2 автобус

1934 жылы «Бірлестік» колхозынан үш елді мекеннен тұратын «Мирзоян» (кейінгі Жамбыл) колхозы құрылды.

1960 жылы «Бірлестік» және «Жамбыл» колхозшылары бірігіп, «Жамбыл» атындағы балық колхозы болып қайта ұйымдастырылған.

Туған ауылымның ерте кезден бірнеше атаулары болған. Алғашқы кезде «Бірлестік», кейіннен «Жамбыл», қазіргі кезде «Мергенсай» ауылы деп аталады.



№58 орта мектеп ауылымыздағы іргелі білім ордасының бірі. Мектеп тарихы сонау 1934 жылдан басталады. 1934 жылы бастауыш мектеп болып құрылған. Алғашқы мұғалімі Шайбасов Дөңес болған.

1936 жылы «Мергенсай» орталау мектебі болса, 1975 жылы орта мектепке айналып, 1977 жылы өзінің алғашқы түлектерін ұшырды.

2005-2006 оқу жылында мектеп жаңа ғимаратқа көшірілді.

Мектепті әр жылдары басқарған мектеп директорлары:

Еркінбаев-1937-1940ж.ж,  
Пірмағанбетов Әбдіғаппар –  
1940-1944ж.ж, Табанов Асылбай –  
1944-1951ж.ж, Қожасов Дүйсенғали  
– 1951-1952 ж.ж, Зиманова Дариха –  
1952-1956ж.ж, Ранов Қожамұрат –  
1957-1959ж.ж, Өтегенов Шәден –  
1957-1958ж.ж, Шаңқұлов Құлекенов  
– 1959 -1987 ж.ж, Саражов  
Сақтапберген – 1987-2010 ж.ж, 2010  
жылдан мектепті Имағанбетов  
Әбдіхамит қызмет атқаруда.





Сыражадин ата  
арналып  
салынған мешіт



A photograph of a field filled with numerous small, bright yellow flowers and green grass. The text is overlaid on the image in a white, cursive font.

*Мергенсай ауылы  
көлеміндегі  
ескерткіштері*



Ұлы Отан соғысынан  
оралмаған адамдарға  
арналған ескерткіш



# Сасықбай баба кесенесі



Сасықбай бабамыздың туған жылдары 1680-1685 жылдары болуы мүмкін. Бабамыз 70 жыл жасады деп жорамалдасақ, 1780-1785 жылдары дүниеден өткен болуы мүмкін.

Руы Жақайым Құлымбет тайпасынан тараған Тәңірбергеннен Асан, Даңғы есімді екі ұл дүниеге келеді. Үлкен ұлы Асанға Жылаған деген кісінің қызына құда түседі. Жылаған әулие текті адам болса керек. Келін болып түскен Жылағанның қызынан Сасықбай, Кенжебай есімді екі ұл туады. Бүкіл елде Сасықбайдың аты «Қара Бақсы» деп аталады екен. Ел ішінде тараған көп деректерге қарағанда, Сасықбай бақсының дарияның ар жағында тігулі отауларды бергі жағаға қондыруы туралы, табиғаттың тылсым және қатерлі күштерін иегергені жөнінде оқиғалар көп болған деседі.



Сасықбай бабаның мекендеген жері Аманөткел тұсындағы Ақшатау, Қазалы өңіріндегі Қуандария, Тас-Арын, Қосарық, Шалқар, Мұғалжар тауындағы Қотыр-Тас, Тебен, Ор өзенінің бойы.

Сасықбай бабамыздың жерленген жері Мұғалжар тауының Қауылдыжер (көне аты – Тебен) елді мекенінде құбылаға қарай түстік жердегі бабалар қорымында. Сол жерге Сасықбай бабамыздың ұрпақтары барып, ұйтам тұрғызып, жеті күн бойы мінәжат етіп, шырақшы ұстаған. Қасиетті жерге дұға оқып, түнеп кетушілер өте көп.

Руы Жақайым, Құлымбет тайпасы, Сасықбай аталығынан тараған бүгінгі қауым тағзым төралғысы ретінде мінәжат құлыптасындай үлкен де биік күмбезді кесенесі Мергенсай елді мекенінде салынды.





# Медет ата (үйтам)

## кесенесі



Медет ата (үйтам) кесенесі – Ақсуат жерінде, ауылдан оңтүстікте 12-13 шақырым жерде орналасқан. Бұл құрылыс шамамен XVIII ғасырдың ортасында салынған болуы керек.

Кесененің негізгі құрылыс материалы қамкесектен, күмбезді етіп салынған. Қамкесектер өте мықты болуы үшін оның арасына сабан (шөптің майдасын) қосып, атпен айдап, балшықты илеген. Үйтам биік төбеге, ұзындығы 9 метр, ені 5 метр, биіктігі 12 метр етіп салынған.



Қазақстан Республикасы

Медет ата кесенесі,  
XVI - XVII ғасырлар

Ескерткіш мемлекет қорғауында



# Манақ ата (үйтам) кесенесі

Бұл үйтам – Төменқұдық жерінде, ауылдан оңтүстік батыста, 15-16 шақырым жерде орналасқан. Салынған уақыты шамамен XVIII ғасырдың басы болса керек. Бұл кесененің де негізгі материалы қамкесектен, төбесі күмбезделіп салынған. Үйтам биік төбеге салынған (ұзындығы 7-8 метр, ені 4-5 метр, биіктігі 6-7 метр етіп салынған).









# Ерболат, Айдарбек ата (үйтам) кесенесі



Екі ағайынды адамға бөлек-бөлек салынған. Басқа кесенелерге қарағанда өзгешелігі бар. Оның алды үш күмбезді етіп, екі жақты есігі салынған, күмбезді етіп салынған. Кесене ХІХ ғасырдың аяқ кезінде салынған. Оның биіктігі 6-7 метр, ұзындығы 7-8 метр, ал ені 5-6 метр. Ерболат, Айдарбек – Ақкөл жерінде, ауылдан 12-13 шақырым жерде, батыста орналасқан.



Айдарбек

ата



Ерболат

ата




# Артықбай, Қатпа (үйтам) кесенесі

Бұл (үйтам) кесенелер — Астаукөл жерінде ауылдан 7-8 шақырым жерде, батыста орналасқан. Бұл құрылыс шамамен ХІХ ғасырдың басында салынған. Құрылыс материалы қамкесектен, төбесі күмбезді етіп салынған. Оның ұзындығы 6-7 метр, ені 4-5 метр, ал биіктігі 7-8 метр етіп, биік төбенің басына салынған.





A dense field of yellow wildflowers, possibly cornflowers, with green grass and stems. The flowers are in various stages of bloom, creating a vibrant yellow and green landscape. The text is overlaid on this background.

Барлық адам баласының өзінің кінідік қаны  
тамған, туған жері болады. Әрбір адамның  
туған жері өзіне ыстық. Оны ешқашанда  
басқа жермен, елмен айырбастамайды. Оның  
өзіндік ерекше қадір қасиеті бар. Сондықтан  
да туған жерім алтын бесігім болып  
табылады.



Назарларыңызға рахмет!!!

